

Сиеубаева М.С.^а , Тлеубаева А.Т., Рахимжанова Т.К., Карипбаев Ж.Т., Амренова Г.К.

А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ТУРИЗМІН ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Сиеубаева Марал Сержановна, Тлеубаева Айтолкын Тлеубайқызы, Рахимжанова Тоты Касеновна, Карипбаев Жанбота Тасболатович, Амренова Галия Капбаровна

Қазақстандағы ауыл туризмі мен тұрақты даму тенденциялары мен болашағы

Аңдатпа. Аталған мақала Қазақстандағы ауыл туризмінің қазіргі жағдайы мен даму болашағын жан-жақты зерттеуге арналған. Бұл тақырыптың өзектілігі ауыл экономикасын ертаратпандыру, жұмыссыздықты азайту, көші-қон ағынын еңсеру, елдің бай табиғи, мәдени және ауыл шаруашылығы елеуетін пайдалану қажеттілігімен айқындалады. Туризмнің табиғатқа бағдарланған түрлеріне жылдам өсіп келе жатқан қызығушылықпен ауыл туризмі экономиканы жаңадандыруға және материалдық емес мәдени мұраны сақтауға ықпал ететін болашағы бар сала ретінде қарастырылады. Зерттеу әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретіндегі ауылдық туризмге бағытталған. Мақсаты – ауыл туризмінің дамуының қазіргі тенденцияларын, сондай-ақ Қазақстандағы оны дамуының кедергілері мен мүмкіндіктерін анықтау. Әдістеме отандық және шетелдік әдебиеттерді талдауды, мемлекеттік бағдарламаларға шолуды (атап айтқанда, Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған туризм саласын дамуы тұжырымдамасын), сондай-ақ SWOT талдауын және шетелдік тәжірибені салыстырмалы зерттеуді (EuroGites) қамтиды. Мақалада табиғи, ауыл шаруашылық және рекреациялық елеуеттің болуына қарамастан, Қазақстанда ауыл туризмінің дамуы бірқатар институционалдық, инфрақұрылымдық және кадрлық мәселелерге тап болып отырғаны көрсетілген. Тұрақты дамуының үш тірегі (экономикалық тұрақтылық, әлеуметтік белсенділік және экологиялық жауапкершілік) стратегиялық жоспарлаудың негізі ретінде де қарастырылады. Зерттеу мемлекеттік қолдауды күшейту, жергілікті қауымдастықтың қатысуын кеңейту және цифрлық шешімдерді біріктіру бойынша ұсыныстармен аяқталады. Зерттеуде ауыл туризмінің Қазақстанның тұрақты дамуының драйверіне айналу елеуеті бар екені атап көрсетілген.

Түйін сөздер: ауылдық аймақтар, аймақтық даму, әлеуметтік-экономикалық потенциал, кластерлік модельдер, өңірлік экономика, тұрақты даму.

Сиеубаева Марал Сержановна, Тлеубаева Айтолкын Тлеубайқызы, Рахимжанова Тоты Касеновна, Карипбаев Жанбота Тасболатович, Амренова Галия Капбаровна

Тенденции устойчивого развития сельского туризма в Казахстане и его перспективы

Аннотация. Настоящая статья посвящена комплексному исследованию современного состояния и перспектив развития сельского туризма в Казахстане. Актуальность темы обусловлена необходимостью диверсификации экономики сельских регионов, снижением уровня безработицы, преодолением миграционных оттоков и использованием богатого природного, культурного и аграрного потенциала страны. В условиях стремительного роста интереса к устойчивым формам туризма сельский туризм рассматривается как перспективное направление, способствующее экономическому оживлению и сохранению нематериального культурного наследия. Объектом исследования выступает сельский туризм как социально-экономическое явление. Целью является выявление современных тенденций в развитии сельского туризма, барьеров и возможностей его развития в Казахстане. Методология включает анализ отечественной и зарубежной литературы, обзор государственных программ (в частности, Концепции развития туристской отрасли РК на 2023–2029 годы), а также SWOT-анализ и сравнительное исследование зарубежного опыта (EuroGites). В статье показано, что несмотря на наличие природного, аграрного и рекреационного потенциала, развитие сельского туризма в Казахстане сталкивается с рядом институциональных, инфраструктурных и кадровых проблем. Также рассмотрены «три кита» устойчивого развития (экономическая устойчивость, социальная вовлечённость, экологическая ответственность) как основа стратегического планирования. В качестве вывода предложены рекомендации по усилению государственной поддержки, расширению участия местных сообществ и интеграции цифровых решений. Исследование подчеркивает, что сельский туризм способен стать одним из драйверов устойчивого территориального развития Казахстана.

Ключевые слова: сельские территории, региональное развитие, социально-экономический потенциал, кластерные модели, региональная экономика, устойчивое развитие.

Siyeubayeva Maral Serzhanovna, Tleubayeva Aitolkyn Tleubaykyzy,
Rakhimzhanova Toty Kasenovna, Karipbayev Zhanbota Tasbolatovich,
Amrenova Galiya Kapbarovna

Trends in sustainable rural tourism development in Kazakhstan and its future prospects

Abstract. This article is devoted to a comprehensive study of the current state and prospects for the development of rural tourism in Kazakhstan. The relevance of the topic is due to the need to diversify the economy of rural regions, reduce unemployment, overcome migration outflows and use the rich natural, cultural and agricultural potential of the country. In the context of rapidly growing interest in sustainable forms of tourism, rural tourism is considered as a promising direction that contributes to economic revival and the preservation of intangible cultural heritage. The object of the study is rural tourism as a socio-economic phenomenon. The goal is to identify modern trends in the development of rural tourism, barriers and opportunities for its development in Kazakhstan. The methodology includes an analysis of domestic and foreign literature, a review of state programs (in particular, the Concept for the Development of the Tourism Industry of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029), as well as a SWOT analysis and a comparative study of foreign experience (EuroGites). The article shows that despite the presence of natural, agricultural and recreational potential, the development of rural tourism in Kazakhstan faces a number of institutional, infrastructural and personnel problems. The "three pillars" of sustainable development (economic sustainability, social involvement, environmental responsibility) are also considered as the basis for strategic planning. The conclusion offers recommendations for strengthening state support, expanding the participation of local communities and integrating digital solutions. The study emphasizes that rural tourism can become one of the drivers of sustainable territorial development in Kazakhstan.

Key words: rural areas, regional development, socio-economic potential, cluster models, regional economy, sustainable development.

Кіріспе. Қазақстанның ауылдық аймақтарында туризм саласын дамыту арқылы аталған аймақтардағы пайда табудың жаңа бағыттарын ашу, бүгінгі таңның өзекті мәселесі болып табылады. Еліміздің ауылдық территориялары табиғи және мәдени құндылықтарға бай болғанымен, бұл ресурстар әлі күнге дейін толық пайдаланылмай отыр. Қазіргі таңда еліміздегі ауыл халқы 37 % құрап отыр және осы ауыл халқын аймақтардағы туризм саласын дамыту арқылы жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге болады. Ауыл туризмі экологиялық туризм, сияқты табиғатқа бағдарланған туризм түрлерімен ұштаса келе, ауыл шаруашылығынан түскен өнімдерді мемлекет ішіндегі немесе халықаралық нарыққа шығаруға жағдай жасамақ. Мемлекет деңгейіндегі және аймақтық деңгейлерде қабылданған бағдарламаларда ауыл туризмін дамытудың маңызы көрсетілгенімен, осы салада ұтымды әдістер мен ғылыми зерттеулерге негізделген саясат әлі де аздық етеді. Дүниежүзілік тәжірибеде ауылдық аймақтардағы туризмді дамытудың әртарапты жолы ретінде кластерлік немесе жергілікті қауымдастықтарға негізделген модельдер бар екені белгілі. Еліміз үшін бұл даму модельі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу арқылы өңірлердегі туризм саласын дамытуға жағдай жасайды. Ауыл туризмі табиғи және мәдени ресурстарды тиімді пайдалануға және маңызды мәселелердің бірі, экологиялық жағдайды тепе-теңдікте сақтауға көмектеседі. Осыдан басқа, ауылдық жерлердегі

көші-қон мәселесіне оң әсер етіп, ауылдық өмірдің маңызын арттыруға себеп болады. Сондықтан, ауыл туризмінде болып жатқан жаңалықтар мен олардың ары қарай өрбуін зерттеу, ғылыми ізденіс тұрғысынан да, практикалық пайдалану тұрғысынан да өзекті болып қалмақ.

Қазақстанда туризм саласына аса көңіл бөлініп, саланы ары қарай дамыту мақсатында, мемлекет тарапынан бағдарламалар қабылданып, құжаттарда табиғатқа бағдарланған туризм түрлеріне көңіл бөлінген. Ауыл туризмі немесе агротуризм саласы әлеуеті жоғары, әлі де атқарылатын жұмыстарды талап ететін туризм түрі болып отыр. Ауылдық территориялардың инфрақұрылымы әлсіз және маркетингтік мәселелелері шешілмегендіктен туризм саласының дамуында кедергілері бар. Дей тұрғанмен, тәуелсіздік алып, дамудың жаңа жолы таңдалғаннан кейін, ауыл туризмін көркейтуге арналған пилоттық жобалар мен бағдарламалар құрылуда.

Қазақстандағы ауыл туризмінің дамуы ауылдық территориялардың тұрақты даму жағынан қарағанда үлкен стратегиялық маңызға ие болуда. Қазіргі болып жатқан үрдістер туристердің экологиялық таза демалысты таңдауы және туристік сапармен келген аймақтың жергілікті мәдениеті мен өмір салтына деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Бұл зерттеу жұмысы ауыл туризмінің қазіргі жағдайын талдап, алдағы уақыттағы дамуының тиімді жолдарын анықтайды.

Зерттеу мақсаты: Ауыл туризмі түсінігінің қалыптасуын зерделеп, қазіргі таңдағы елімізде ауыл туризмі дамуының жағдайына талдау жасау арқылы, болашақтағы тұрақты дамуының тетіктерін анықтау.

Зерттеу міндеттері: ауыл туризмі ұғымына байланысты теориялық көзқарастарды зерттеу, Қазақстандағы саланың даму көрсеткіштерін талқылау, ауыл туризмінің дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтау.

Әдістер мен материалдар. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында авторлар қолжетімді ашық ақпарат көздерінен және ресми деректер базаларының мәліметтерін пайдаланды. Осы уақытқа дейін ауыл туризмі саласы зерттеліп жазылған мақалалар, ғылыми еңбектер мен оқулықтар пайдаланылды. Қазақстандағы туризм саласының даму көрсеткіштері мен келешек бағыттарын анықтау мақсатында статистикалық ресми деректер мен мемлекет деңгейінде қабылданған құжаттар зерттелді. Шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектерін талдау арқылы ауыл туризмі түсінігінің ерекшеліктері анықталды. Қазіргі таңдағы Қазақстандағы ауыл туризмінің жағдайына баға беру үшін ауыл туризмін дамытудағы шетелдік тәжірибеге талдау жасалынды. Жұмысты қорытындылап жазып шығу үшін сипаттау, салыстыру, әдебиеттерге талдау, тұжырымдау әдістері пайдаланылды. Мақаланың әдістемелік негізі Қазақстандағы ауыл туризмінің дамуын талдау және әлеуетті бағыттарын атау болды. Логикалық жалпылау әдісі бойынша жұмыстың қорытындылары жазылды.

Ауыл туризмі бойынша жазылған әдебиеттерге талдау жасайтын болсақ, шетел авторлары ауыл туризмінің мемлекеттің шалғайда орналасқан аймақтарда жергілікті кәсіпкерлікті қолдап, қауымдастықтарға көмектесу арқылы сол аймақтарға қолдау көрсету рөлін айтады. Сонымен қатар, ауыл туризмі жақсы уақыт өткізу орны және ауылдық территориялардың өсуі мен дамуына оң әсер етуші фактор ретінде қарастырады. Бұл тұжырымдар бойынша ауыл туризмінің тек қолайлы демалу орны ғана емес, сонымен қатар экономикалық дамудағы рөлі мен қосымша пайда табу көзі ретінде қарастырылған. Бұл тұжырым әлі де өзектілігін жоғалтпаған болып саналады [1]. Отандық авторлаға келетін болсақ, ауыл туризмін — ауылдық аймақтардағы өмір мәдениеті мен табиғи ресурстарға негізделген туризм түрі ретінде қарастырады, ауыл туризмінің әлеуметтік және экономикалық мүмкіндіктерін көрсете отырып, еліміздегі аймақтық даму құралы ретінде баға

бере білген. Негізгі идеясы ретінде, ауыл туризмін дамытудың жергілікті қауымдастықтарға тигізетін оң әсерін көрсетті, аталған саланың дамуы үшін ауылдық аймақтарға тән кедергілерге тоқталған [2]. Келесі авторлар тобы Қазақстандағы ауыл туризмінің дамуын зерттеу кезінде, әлеуетіне байланысты территориялық бөліктерге бөліп қарастыруды тиімді деп тапқан, ауыл туризмін дамытуға ресурстары мол Ақмола облысын қарастырған, Ақмола облысының ресурстық мүмкіндігіне баға беріліп, ауыл туризмі саласын дамытудағы рөлі анықталған. Оң факторлар ретінде инфрақұрылымның қолжетімділігі, туристік тартымдылықты жоғарылату жолдары, жергілікті халық арасынан білікті кадрларды дайындау мәселесін көтерген. Мәселені шешу жолы ретінде ауыл туризмі саласына қолдау көрсетудегі мемлекеттің рөлі, цифрлық сауаттылықты жетілдіру, ауыл шаруашылығы бірлестіктері негізінде кластерлік модельдерді енгізуді ұсынды. Ауыл туризмінің дамуын кластерлік негізде қарастыру өзекті мәселе болып табылады [3].

Ауыл туризмінің дамуын жаңа бағыт ретінде қарастырып, оның теориялық және практикалық маңызына көңіл бөлген еңбектер бар [4]. Туризмді дамыту ауыл аймақтардың ерекше ресурстарын пайдалана отырып, аймақтың жандануына көмек береді. Бұл сала ауылдық жерлердің мәдени дамуына да ықпал етеді. Жекелеген өңірлік экономиканы көтеру арқылы мемлекеттік экономиканың алдыға жылжуына әсер ететіндігі баса көрсетілген. Сонымен қатар, Германия, Франция және Кипр сияқты мемлекеттердегі ауыл туризмі саласын дамытудағы озық тәжірибелерін қарастырылған.

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижелері бойынша зерттеуші ғалымдардың ауыл туризмін дамытудың тек оң әсерлерін жазғаны байқалады. Ғылыми-зерттеу жұмысы толыққанды болу үшін ауыл туризмінің кері әсерлерін де қарастыру жөн деп ойлаймыз. Авторлардың зерттеуі бойынша ауыл туризмінің жаппай дамуы экологиялық мәселелерді атап айтқанды топырақ жамылғысының тозуы, табиғи ресурстардың ластануы, сан жылдар бойы қалыптасқан экожүйелердің бұзылысына әкелуі мүмкін екендігін жоққа шығармайды [5]. Туристер мен жергілікті халық арасындағы қарым-қатынастар да өзекті мәселе болып табылады. Осылайша көзқарастарды қарастыра келе, ауыл туризмінің табиғатқа, қоғамға және экономикаға әсерін жан-жақты қарастыру осы саланы дамытудағы маңызды сұрақтарды шешуге себеп болатыны сөзсіз екендігіне көз жеткіземіз.

Қазақстанның ұлттық және өңірлік экономикасын әртараптандыру жағынан қарастыратын болсақ, ауыл туризмінің дамыту өзекті мәселе болып табылады. Теориялық тұрғыдан қарастырсақ, ауыл туризмінің зерттеу оның мәнін анықтап, оның ішкі мәселелерін жүйелеуге мүмкіндік береді. Қазақстандағы ауыл туризмінің үрдістері мен болашағын зерттеу аталған саланың дамуының институционалдық, экономикалық және мәдени тараптарын талдауға жағдай жасайды. Практикалық жағынан қарастыратын болсақ, зерттеу нәтижелері ауылдық территориялардағы тұрақты дамудың тиімді жолдарын дайындауға бағытталған ұсыныстар бере алады. Бұл өз кезегінде ауыл туризмінің немесе агротуризм саласында қызмет етуші жергілікті халықтың табысын молайтып, ауылдық аймақтардағы жұмыссыздық деңгейіне оң әсер етпек.

Нәтижелер. Қазақстан кең-байтақ территорияны қамтып жатқан аграрлық ел болып саналғандықтан, ауыл туризмінің дамытуда үлкен әлеуетке ие екені анық. Халқының үштен бір бөлігінен астамы өндірістік инфрақұрылым емес, рекреациялық ресурстарға бай ауылды жерде тұруды таңдаған. Рекреациялық ресурсқа бай территориялардың молдығы (10,7 %) ел аумағында табиғатқа бағдарланған туризмнің барлық түрлерін дамытуға ыңғайлы. Онымен қатар, мәдени ресурстар ретінде танылған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Тамғалы петроглифтері, дәстүрлі этноауылдар қосылып, туризм саласының дамуына оң әсер етпек. Ауыл туризмінің дамыту мемлекеттің экономикасын әртараптандыруға, көші-қон мәселесіне де оң әсерін ескеретін болсақ, ауыл шаруашылығында қызмет көрсетушілер, аймақтық туристік кәсіпорындар, мемлекеттік саясат пен білім беру орындарын біріктіретін туристік кластерлерді қалыптастыру аса маңызды.

Қазақстандағы ауыл туризмінің жағдайын талдаудан бұрын, ауылдық аймақтардың күрделі табиғи шаруашылық жүйе екенін ұмытпау керек. Табиғи шаруашылық жүйелер ретінде ауылдық аймақтар кез-келген мемлекеттің халық шаруашылық қызметтерін атқарып, сонымен қатар, өңірлік дамудың негізгі көрсеткіші

болып табылады. Ауыл туризмі саласы бойынша сарапшылардың пікірінше, ауылдық территориялардың келесі халық шаруашылық функциялары бар:

- өндірістік функциясы, яғни қоғамның азық-түлік пен шикізатқа, орман және аңшылық шаруашылығы өнеркәсібінің өнімдеріне, сондай-ақ басқа да салалар мен шаруашылық қызмет түрлерінің өнімдеріне деген қажеттілікті қанағаттандыру;

- әлеуметтік-экономикалық функциясы, ауыл халқының табиғи өсімі және басқа да экономика салаларын еңбек күшімен қамтамасыз ету;


- мәдени-этникалық функциясы, ұлттық тіл мен мәдениетті, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, халық ауыз әдебиеті, шаруашылықты жүргізу ерекшеліктері, табиғи ресурстарды игеру ерекшеліктері, ауылдық аймақтарда орналасқан тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау;

- экологиялық функциясы, агробиоценоздардағы экологиялық тепе теңдікті сақтау;

- рекреациялық функциясы, ауыл және қала тұрғындарының демалысына және денсаулығын қалпына келтіруге жағдай жасау;

- саяси функциясы, қоғамдағы рекреациялық күштер және саяси тұрақтылықты қолдау, себебі, ауылдық аймақтар тұрғындары консервативті және толерантты, біртекті қоғам мүшелері болып табылады [6]. Көріп отырғанымыздай, ауылдық аймақтардың халық шаруашылығындағы маңызы зор. Атқаратын қызметтері бір-бірімен тығыз байланысқан жүйені құрайды. Бұл қызметтер өз кезегінде, өңірлік және мемлекет деңгейіндегі тұрақтылықтың негізі деп қарастыруға болады.

Ауыл туризмінің тұрақты даму идеяларын қарастыру барысында «үш таған» (три кита) метафорасы кеңінен айтылып жүр. Бұл көзқарас бойынша ауыл туризмінің табысты дамуы, бір-бірінен тәуелсіз үш құрамдас бөлікке сүйенеді. Отандық және шетелдік ғалымдардың қарастыруы бойынша, ауыл туризмінің тұрақты дамуына осы үш таған әсер етеді [7]. «Үш таған» тұжырымдамасының теориялық және эмпирикалық негіздемесін қарастыру Қазақстандық туризм саласы үшін де маңыздылығы жоғары екені сөзсіз (1 сурет).



Сурет 1 – Ауыл туризмінің тұрақты дамуының үш тағаны [7]

Қазіргі таңда ауыл туризмін дамыту Қазақстандағы басым бағыттардың бірі болып отыр. Ауыл туризмінің тұрақты дамуы тіректерін зерттеуші ғалымдар экономикалық, әлеуметтік, экологиялық аспектілерді атады, сонымен қатар, осы үшеуінен басқа, мәдени компонентті ауыл туризмінің біртұтас дамуындағы төртінші таған екендігін қарастыру маңызды [8].

Экологиялық тұрақтылықты іске асырудың жолы туристік ресурстарды тиімді пайдалану, қоршаған ортаны қорғау арқылы экологиялық жүйелердегі тепе-теңдікті сақтау болып табылады. Бұл ауыл туризіндегі энергия көздерін үнемдеу мен жергілікті табиғатқа деген қысымды азайтумен анықталады. Әлеуметтік белсенділік, туристік аймақтың яғни ауылды жердің тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз етіп ғана қоймай, мәдени ресурстарды сақтау мен жаңа бастамаларды іске асыруға тарту. Жергілікті тұрғындар үшін әлеуметтік мүмкіндіктерді беру экономикалық ғана емес әлеуметтік капиталды молайтуға кепілдік береді. Экономикалық тұрақтылыққа келетін болсақ, жалпы туризм саласы табысты сала болып саналады және ауыл тұрғындарының табысын арттырып, жергілікті шағын және орта бизнестің дамуына, жергілікті тауар өндірушілердің танымалдылығын арттыруға жақсы жағдай жасайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының территориясы кең ауқымды, әр аймақтың өзіне тән ерекшеліктерін ауылдық аймақтардағы туризмді дамытуға ұтымды пайдалану, күтілетін экономикалық әсерді жоғарлата түспек. Аймақтардың ерекшеліктерін ескере отырып, туризмді агротуризм, этнотуризм, гастрономиялық, оқиғалық туризм бағыттары бойынша дамытуға мүмкіндік береді. Ауыл туризмінің тағы бір тірегі, мәдени компонент, әлеуметтік жақын болғанымен өзіне тән ерекшеліктері бар. Ауылдық аймақтарда сақталып қалған ұлттық

тағамдарды дайындау ерекшеліктері, салт-дәстүр, қолөнер саласының сәтті үлгілері ауыл туризмінің мазмұнын байытып, ары қарай практикалық маңызын тереңдете түспек.

Ауыл туризмін дамытудағы аталған аспектілер Қазақстандағы ауыл туризмін дамытудың басым бағыттары бола алады. Осы төрт аспектіні өзара ұтымды пайдалану, ауылдық аймақтар арасындағы қарым-қатынастарды жақсартып ғана қоймай, жалпы аймақтардың тұрақты дамуына әсер етеді. Қазақстанның 2023–2029 жылдарға арналған туризмді дамыту тұжырымдамасында ауыл туризмінің дамуына жетекші сала ретінде (агротуризмге) ерекше мән берілген. Дамыту барысында экономикалық әртараптандыру, ауыл аймақтар халқын жұмыспен қамтамасыз ету проблемасын жақсарту, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға себеп болатын шаралар және мәдени ресурстарды қорғау басты басымдық ретінде көрсетілген [9].

Еліміздегі ауыл туризмі саласына талдау жасау барысында нақты статистикалық мәліметтердің ресми түрде болмауы, айтарлықтай қиындықтар тудырады. Алайда, жанама статистикалық көрсеткіштерді пайдалана отырып ауыл туризмінің дамуының бағыттарын анықтауға мүмкіндік аламыз. Атап айтатын болсақ, ұлттық статистика бюросының шағын және орта кәсіпкерлік тіркелген субъектілер саны, соның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтары саны, олардың өнім шығарылымы көлемі туралы статистикалық мәліметтерді қарастыруды жөн санадық. Фермерлік қожалықтар барынша көп шоғырланған және олардың өнім шығарымдылығы жоғары аймақтарды анықтау, ауыл туризмін дамытуға қолайлы ауыл аймақтарды анықтауға көмектеседі. Бүгінгі таңдағы көрсеткіштерді талдау үшін, облыстар бойынша соңғы жыл мәліметтері алынды (кесте 1).

Кесте 1 – Қазақстандағы фермер қожалықтары саны және олардың өнім шығарылымы көлемі (2025 ж. мәліметтер алынды)

Елдімекен	Шаруа немесе фермер қожалықтарының саны (бірлік)	Шаруа немесе фермер қожалықтарымен өнім шығарылымы (млн. теңге)
Қазақстан Республикасы	262 882	322 348
Абай	10 375	44 433
Ақмола	6 770	7 047
Ақтөбе	9 468	15 012
Алматы	29 220	36 741
Атырау	3 964	10 452
Батыс Қазақстан	9 193	25 963
Жамбыл	30 413	22 014
Жетісу	19 217	18 753
Қарағанды	9 260	26 194
Қостанай	6 977	3 247
Қызылорда	10 193	3 846
Маңғыстау	4 060	2 920
Павлодар	5 846	18 495
Солтүстік Қазақстан	4 745	9 463
Түркістан	79 682	38 811
Ұлытау	3 901	11 443
Шығыс Қазақстан	8 971	24 300
Астана қаласы	2 694	0
Алматы қаласы	1 844	0
Шымкент қаласы	6 089	3 214

Ескертпе – [10] дереккөзі негізінде құрастырылған

Кестеде көрсетілген мәліметтер бойынша, Қазақстанның облыстары арасында шаруа немесе фермер қожалықтарының саны бойынша көшбасшы облыстарға Абай, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қызылорда, Түркістан облыстары жатады. Шаруа немесе фермер қожалықтарымен өнім шығарылымы көрсеткіштері бойынша Абай, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Түркістан облыстары танылды. Талдау жасауға алынған көрсеткіштер бойынша шаруа немесе фермер қожалықтарының саны бойынша көшбастаушы облыстар өнім шығарылымы бойынша көшбасшы бола алмауы мүмкін. Мысалы Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстарында шаруа қожалықтарының саны көп

болмағанымен, өнім шығарылымының көлемі жоғары екендігін көрсетті.

Қазақстандағы ауыл туризмін дамытуға арналған табиғи ресурстардың сан алуан болуына қарамастан, саланың дамуы әлі бастауыш деңгейде болып отыр. Дамыған Еуропа мемлекеттерінде ауыл туризмін дамытуда институционалдық және ұйымдастырушылық қадамдардың арқасында оң нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Айырмашылықтарды анықтау үшін Еуропалық және Қазақстандық даму модельдерін екі ұйымның (RuralTour – Еуропа ауыл туризм федерациясы (EuroGites) және «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы) акционерлік қоғамы) тәсілдерін қарастырып көрейік.

Кесте 2 – Ауыл туризмінің дамуы: Еуропалық және Қазақстандық тәсілдер

Критерийлер	RuralTour – Еуропа ауыл туризм федерациясы (EuroGites)	«Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы АҚ
Басқару құрылымы	Еуропалық кәсіби федерация	Ұлттық компания
Бағыттылығы	Ауыл туризмін дамытуға бағытталған	Елдергі туризмнің жалпы дамуы, ішінара ауыл туризмі
Серіктестері	Еуропалық 25 мемлекет	Мемлекеттік емес ұйымдармен серіктес
Стандарттары мен сертификатталуы	Анықталған, іске асырылған	-
Білім беру бағдарламалары	Үздіксіз курстар мен семинарлар	Экспедициялар, тренингтер

Ескертпе – [11] дереккөзі негізінде құрастырылған

Кестедегі Еуропалық тәсіл – институци-оналды түрде ауыл туризмін дамытудың сер-тификаттаудан бастап, халықаралық нарықта қызметтерді сатуға дейінгі қамтиды. Фермерлер мен ауылдық қонақ үй иелерімен тікелей бай-ланысты. Қазақстандық тәсілде ауыл туризмін дамытуда аймақтар арасында байланыс әлсіз

және стандартау мәселесі аз қамтылғандығын көреміз.

Талқылау. Қазақстандағы ауыл туризмінің дамуының ерекшеліктері мен аспектілерін еске-ре келе, осы туризм түрінің күшті және әлсіз тұстарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін анықтап алу үшін келесі талдау ұсынылады (кесте 3).

Кесте 3 – ҚР ауыл туризмінің дамуына SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Табиғи ресурстардың болуы, ауыл туризмін ауыл аймақтарды дамыту құралы ретінде пайдалануға болады, ауылдық жерлерде салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтардың шоғырлануы, пандемиядан кейінгі ішкі туризмге деген қызығушылықтың артуы	Ауылдардағы инфрақұрылым нашар, ауылдық туристік өнім маркетингі төмен, маман кадрлардың жетіспеушілігі және маусымға деген тәуелділік
Мүмкіндіктері	Қауіптері
Туристердің табиғатқа бағдарланған туризм түрлеріне бет бұруы, фермерлердің ауыл туризмде еңбек ете алуы, жалпы туризм саласын дамытуға мемлекеттік қолдаудың болуы	Экологияға тигізілетін әсердің болуы, ауыл тұрғындарының миграциясы, бәсекелестіктің жоғары болуы
Ескертпе – авторлармен талдау барысында құрастырылған	

Талдау қорытындысы бойынша – Қазақ-стандағы ауыл туризмінің дамуының күшті жақтары көп уақыт бойы қалыптасқан және мүмкіндіктерге жол ашушы факторлар ретінде қарастыруға бо-лады, табиғи ресурстардың пайдаланылуына тек экологиялық жағдайлар ғана кедергі болуы мүмкін. Әлсіз жақтары ретінде ауылдық инфрақұрылымды жақсарту кезек күттірмес мәселе болып табыла-ды. Өзгеріске келмейтін әлсіз жақтары ретінде тек маусымға тәуелділікті айтуға болады. Алайда, туристік маусымды ұзартудың басқа да жолдарын мысалы, қысқы туризм маршруттары, анимациялық қызметті жетілдіру сияқты шараларды пайдала-на отырып туристердің саяхат уақытын ұзарту ықтимал. Мүмкіндіктердің ішіндегі ең тиімдісі жергілікті шаруа қожалықтардағы фермерлердің ауыл туризмін дамытуға деген мүмкіндіктерін айтуға болады. Шаруа фермерлерді ауыл туриз-мін дамытуға тарту жергілікті өнім өндіру-шілерге қолдау болады, жұмыссыздық көлемін төмендетуге көмектеседі, ауылдағы халықтың көші-қон мәселесін реттейді. Кез-келген таби-ғатқа бағдарланған туризм түрлерінен келетін экологиялық әсерді жоққа шығаруға болмай-ды. Соған қарамастан, ресурстарды тиімді пай-далану арқылы және ауыл туризмін дамытудың «үш тағанына» сүйене отырып жұмыс жасау саланың дамуына тұрақтылық әсер береді. Со-нымен қатар, фермерлік шаруа қожалықтарының

көп шоғырланған және өнім шығарылымдылығы жоғары аймақтарды ауыл туризмін дамытудағы әлеуеті жоғары аймақтар ретінде қарастыруға бо-лады.

Қорытынды. Қазақстандағы ауыл туризмінің дамуын қарастыра отырып, келесі қорытындыға келуге болады:

1. Қазақстандағы ауыл туризмін дамыту тек экономикалық жағынан тиімді болып қана қоймай, ауылдық аймақтарда тұрып жатқан халықтың әл-ауқатын жоғарылатуға мүмкіндік береді, сондықтан ауыл туризміне әлеуеті жоғары аймақтарда көңіл бөлу өзекті мәселе болып та-былады.

2. Ауыл туризмін дамытудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігімен қатар, экологиялық мәселесін қарастыру маңызды. Кез-келген туризм түрін дамыту барысында іс-әрекеттің табиғат пен қоршаған ортаға тигізер әсерін сараптау саланың кешенді дамуына әсер етеді.

3. Ауыл туризмін дамыту жолында шетелдік тәжірибенің орны ерекше. Шетелдік тәжірибелерді отандық даму жолына икемдеу арқылы өзіндік даму модельін құрастыруға болады.

4. Отандық ауыл туризмін дамытуда үкіметтің шаруа фермерлермен тығыз байланыста болуы тиімді. Кешенді жұмыстардың арқасында және инфрақұрылымға көңіл бөлу арқылы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Dashper K. Rural tourism: An overview Destination brands: Managing place reputation / ed. by N. Morgan, A. Pritchard, R. Pride. – London, 2014. – pp. 101–115.
- 2 Seken A. Duissembayev A. Tleubayeva A. Akimov Zh. Konurbaeva Z. Suiubayeva S. Modern Potential of Rural Tourism Development in Kazakhstan // Journal of Environmental Management and Tourism. – 2019. – Vol. 10. – №6(38). – pp. 1211–1223. DOI:10.14505/jemt.v10.6(38).03.
- 3 Tleubayeva A.T., Shokhan R., Karatayev D.D. Rural tourism in the Akmola region of Kazakhstan: its role in the development of rural areas // Problems of AgriMarket. – 2022. – № 4. – pp. 61–69. DOI: 10.46666/2022-4.2708-9991.06.
- 4 Сельский туризм в России и за рубежом / под ред. О. С. Иссерс. – Новосибирск: СибАГС, 2013. – 298 с.
- 5 Drápela E., Zágorský K., Boháč A., Böhm H. Rural overtourism: A typology of negative effects /Public Recreation and Landscape Protection – With Sense Hand in Hand! Conference Proceedings. – Brno: Liberec. – 2021. – pp. 415-418.
- 6 Шмыткова А.В. Сельский туризм: учебное пособие. – Ростов-на-Дону: Издательство Южного федерального университета, 2019. – 116 с.
- 7 Chan J. K. L. Sustainable rural tourism practices from the local tourism stakeholders' perspectives // Global Business & Finance Review. – 2023. – №3. – pp. 136–149. – DOI: 10.17549/gbfr.2023.28.3.136.
- 8 Madanaguli A., Dhir A., Joseph R.P., Albishri N.A., Srivastava S. Environmental sustainability practices and strategies in the rural tourism and hospitality sector: a systematic literature review and suggestions for future research // Scandinavian Journal Of Hospitality And Tourism. – 2023. – Vol. 23. – Iss. 1. – pp. 1–28. DOI: 10.1080/15022250.2023.2174179.
- 9 Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасында туристік саланы дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылғы 30 мамырдағы № 262 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (қол жеткізілген күні: 09.06.2025).
- 10 Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығының негізгі көрсеткіштері : мәтін : электрондық ресурс. – URL: <https://stat.gov.kz/> (қол жеткізілген күні: 09.12.2025).
- 11 EuroGites – European Federation of Rural Tourism. RuralTour – European Federation of Rural Tourism : text : electronic. – URL: <https://www.ruraltour.eu/> (date of access: 09.12.2025).

Reference

- 1 Dashper K. Rural tourism: An overview Destination brands: Managing place reputation / ed. by N. Morgan, A. Pritchard, R. Pride. – London, 2014. – pp. 101–115.
- 2 Seken A. Duissembayev A. Tleubayeva A. Akimov Zh. Konurbaeva Z. Suiubayeva S. Modern Potential of Rural Tourism Development in Kazakhstan // Journal of Environmental Management and Tourism. – 2019. – Vol. 10. – №6(38). – Pp. 1211–1223. DOI:10.14505/jemt.v10.6(38).03.
- 3 Tleubayeva A.T., Shokhan R., Karatayev D.D. Rural tourism in the Akmola region of Kazakhstan: its role in the development of rural areas // Problems of AgriMarket. – 2022. – № 4. – pp. 61–69. DOI: 10.46666/2022-4.2708-9991.06.
- 4 Sel'skiy turizm v Rossii i za rubezhom / pod red. O. S. Issers. – Novosibirsk: SibAGS, 2013. – 298 s.
- 5 Drápela E., Zágorský K., Boháč A., Böhm H. Rural overtourism: A typology of negative effects /Public Recreation and Landscape Protection – With Sense Hand in Hand! Conference Proceedings. – Brno: Liberec. – 2021. – rr. 415-418.
- 6 Shmytkova A.V. Sel'skiy turizm: uchebnoe posobie. – Rostov-na-Donu: Izdatel'stvo Juzhnogo federal'nogo universiteta, 2019. – 116 s.
- 7 Chan J. K. L. Sustainable rural tourism practices from the local tourism stakeholders' perspectives // Global Business & Finance Review. – 2023. – №3. – rr. 136–149. – DOI: 10.17549/gbfr.2023.28.3.136.
- 8 Madanaguli A., Dhir A., Joseph R.P., Albishri N.A., Srivastava S. Environmental sustainability practices and strategies in the rural tourism and hospitality sector: a systematic literature review and suggestions for future research // Scandinavian Journal Of Hospitality And Tourism. – 2023. – Vol. 23. – Iss. 1. – pp. 1–28. DOI: 10.1080/15022250.2023.2174179.
- 9 Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасында туристік саланы дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылғы 30 мамырдағы № 262 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (қол жеткізілген күні: 09.06.2025).
- 10 Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығының негізгі көрсеткіштері : мәтін : электрондық ресурс. – URL: <https://stat.gov.kz/> (қол жеткізілген күні: 09.12.2025).
- 11 EuroGites – European Federation of Rural Tourism. RuralTour – European Federation of Rural Tourism : text : electronic. – URL: <https://www.ruraltour.eu/> (date of access: 09.12.2025).

Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
Сиеубаева Марал Сержановна, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан, e-mail: maral.siyubayeva@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0009-0001-8816-2594	Сиеубаева Марал Сержановна, докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан, e-mail: maral.siyubayeva@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0009-0001-8816-2594	Siyubayeva Maral Serzhanovna, PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: maral.siyubayeva@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0009-0001-8816-2594

Мақала түскен күні: 11.12.2025

Мақала басылымға қабылданған күні: 16.12.2025